

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. С. ТОРАЙГЫРОВА



4' 2003



ПМУ хабаршысы
Вестник ПГУ

МӘШҺҮР - ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТҰСПАЛДАУ ҚҰРАЛДАРЫ

Н.Қ. Жүсіпов, М.Н. Баратова

С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті

Б.Қ. Ақшолақова

Ы. Алтынсарин атындағы облыстық қазақ гимназия-интернаты

Мақалада Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында қолданыс тапқан тұспалдау құралдары сарапталынады.

В статье исследуются способы иносказания в произведениях Машхура-Жусупа.

The article told about the methods of researching other speaking models in the literary creation of Mashkhur-Zhusup.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының шыққанынан да шықпағаны әлі де көп екенін зерделесек, ақын туындыларында қолданыс тапқан тұспалдау құралдарын да алдағы бірер жылда қарастырып біте алмайтынымыз анық. Сөйте тұра Мәшһүр-Жүсіптің жарық көрген таңдамалы 2 томын және басқа да еңбектерін қамти отырып, ақын шығармаларында қолданыс тапқан тұспалдау құралдары туралы, алғашқы ізденіске кірісуге материал жеткілікті деп санаймыз.

Мәшһүр-Жүсіп шығармаларында қолданыс тапқан тұспалдау құралдары сыр-сипатын межелегенде, ақын өмір сүрген замандағы цензура тарапынан болған қысымнан құтылудың бір жолы есебінде қарастырған жөн. Мәселен, ақын:

Таяққа біздің қазақ көпші түр ғой,

Атқаны мылтық алып жөнсіз болды (44 б.),-

деген өлең жолдарындағы [1] «таяққа» деген сөзі әрі тура мағынада алынса, әрі осы қолданыста оның мағынасы кеңейіп түспалдау (символдық белгі) мәніне де ие болып түр демекпіз. Ресейдің отаршылдық қысымының қатыгездігіне, ауыртпалығына т.б. назар аудартуы үшін алынса, мұндағы акын шеберлігі, «таяқ» деген қарабайыр саналатын сөзді қолдану арқылы, сөз мағынасын кеңейте отырып, тосын бейнесі сөзді тулырды.

Ал, келесі мысалда:

Былғарының орнына көн мен сірі,

Теріс қарасар ұмытпай бірін- бірі.

«Ал», «бер» деген сөз еді екі ағайын,

«Ал» өліп, «бер» деген сөз қалды тірі (76 б.),-

деген жолдарда Мәшһүр-Жүсіп «көн» мен «сірі» деген қарабайыр сөздерді символдық нышан ретінде қолданады. Мұндағы бағалылықтың, артықшылықтың нышаны (символдық белгісі) ретінде әдеттегі «былғары» сөзі алынса, ал бағасы төмен. сапасыздықтың символдық белгісі ретінде «көн» мен «сірі» ұғымы алынған. Демек, акын түспалдау құралы ретінде кейде әдемілікті, әсемдікті т.б. беретін ұғымдармен қатар, кейде сырт көзге қалыпты қарабайыр көрінерлік сөздерді де т.б. қолдана отырып, сол арқылы бір сөзге көп ұғым арқалату, бейнеліліктің көп қырлылығын таныту, көркем жинақтаудың реализм түрінің ауқымын кеңейтіндігі айтылады.

Сондай-ақ, Мәшһүр-Жүсіп ауыспалы мәнді берудің бір түрі – метафораны да жиі қолданады. Мәселен,

Жасымнан өлең еді баққан қойым,

Жақсылар басқан жер – айт пен тойым.

Гүл жүзді «шырын сөзді» ерлер кетіп,

Тұрарға жер таппады ақыл, ойым (159 б.), –

деген де, «өлең» сөзі өз мағынасында түр да, ол «баққан қой» ұғымына баланып түр. Демек Мәшһүр-Жүсіп дерексіз ұғым «өленді» – күн көрісі, негізінен. мал өсіруге негізделген қазақ ұғымына түсінікті де, жақын «баққан қойға» (метафораға) балау т.б. – бөрі де ақынның белгілі бір салыстыруды т.б. қолдануда ұлттық өрнекке көп ұғым арқалататынын танытады. Яғни акын ұлттық өрнек жемісі болып табылатын халық өмірінде, кәсібінде жиі қолданылатын ұғымдарды т.б. пайдалануда - ұлттық санаға әсер етудің неғұрлым ұтымды т.б. тәсілдерін іздестіргенін айтады.

Сонымен бірге:

Жанға қимас жан еді, ажал алды,

Сүп-сүйкімді кезінде құрық салды.

Шілдеhana беруге қол көтертпей,

Тана, моншак саудырып текке қалды (132 б.),

деген жолдарда да, ақынның адамның өлімін жылқы мойнына салған құрыққа балауы да- белгілі бір сөзді ұлттық кәсіпке, ұлттық санаға сай қолданғандығын танытады. Демек, мұндағы Мәшһүр-Жүсіп пайдаланған тұспалдау құралдар дені ұлттық өрнекке, халық тіршілігі, ұғымына негүрлым таныс бейнелілікке сай алынғандығын ізерлейді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында «метафоралық тіркес» ұғымы да жиі айтыла бастады. Зерттеуші ғалым Б. Хасанов: «Тура мағынасындағы сөздер мағыналылық жағынан өзара еркін байланыста болады. Еркіндіктің шеті сол сөздер арқылы белгіленген заттар мен құбылыстардың бір-бірімен қатысына байланысты. Осыған орай сөздердің өзара байланысу табиғи тіркесу кабилеттігі болады. Ал, метафорада бұл заңдылықтар бұзылады. Тура мағынасында бір-бірімен тіркеспейтін сөздердің метафоралық тіркеске түсуі мүмкін», - делінген [2] пікірінен, ойды ұтымды жеткізу үшін, метафоралық тіркес ролі біршама дәлелденген. Мәшһүр-Жүсіп те метафоралық тіркесті жиі кірістірген:

1. Қасыма келе алмайды менің олар,

Қандай жан мені жеңіп байлап алар.

Қуанышым- көзім нұры қайғы жеме,

Өзімнен артық емес бозбалалар (223 б.).

2. Қабыл қыл, жан шырағым, бұл сөзімді,

Сарғайтпа, қайғылы қып гүл жүзімді.

Көңілің ашылғандай кисса сөйлеп,

Құп жақсы шат қылайын мен өзіңді (234 б.).

Міне, мұндағы 1 шумақтағы деректі «көз» сөзі дерексіз «нұр» сөзімен қатар тұрса, ал 2 шумақтағы деректі «шырақ» сөзі дерексіз «жан» сөзімен метафоралық тіркес құрайды. Сөйтіп көзге көрінбейтін дерексіз ұғымдар бірде деректеніп («көз» сөзі арқасында) жатса, бірде заттанып («шырақ» сөзімен қатар тұру арқасында), ері жылулық ұғымын да бірге беріп тұр. Демек, ақын сөз мағынасын кеңейту т.б. үшін тұспалдаудың метафоралық тіркес түрін де сәтті қолдана білген демекпіз.

Сөз соңында, бұл 2 тараудағы тұспалдау құралдарына тән ерекшеліктерге келетін болсақ:

Еңбекте алдымен, Мәшһүр-Жүсіп шығармаларындағы: құбылту құралдарын пайдалану ерекшеліктері; әсем сөз кестелерімен қатар поэзияда қалыпты, қарабайық саналатын сөздерді де қолдану үлгілері; шығарма тіліндегі суреттілік, нақтылық, сөз мағынасы кенеюі белгілері т.б. арнайы қарастырылған.

Қорыта айтқанда, қазақтың белгілі ақыны Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өлең, кисса-дастандарын, ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін, қазақ тарихы,

мәдениетіне арналған жазбаларын, этнография, тіл, ұлттық психология т.б. туралы пікірлерін араб, парсы классиктерінен аудармаларын т.б. – бәрін қоса есептегенде, кемінде 30 томдай материал бар екені белгілі. Демек Мәшһүр-Жүсіптің қазір жарық көрген таңдамалы шығармаларының алғашқы томы мен газет-журналдарда жарияланған бір томдық түрлі материалдарға сүйеніп жазылған бұл еңбек үлкен істің бастамасы, бір бөлшегі ғана. Әйтсе де тамшыдан да теңіздің қасиеті көрінеді десек, осы бір қамтылған материалдың өзі Мәшһүр-Жүсіп шығармаларының көркемдік ерекшеліктерінің қайнар көзі қайда жатқанына дәлелдей алады.

Суреткер тілі байлығы дегенде, ақынның құбылту түрлерін (символ, метафора т.б.) қалай қолданғандығын, балама, түрлендіру т.б. шеберлігін жан-жақты сараптаған жөн.

Осы орайда кез келген сөз қолданысқа, әсіресе баламаларға ұлттық өрнектің шепуші ықпал етуін естен шығаруға болмайды. Қысқасы, қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиеттің көркемдік құралдарын т.б. дамытуда Мәшһүр-Жүсіп еңбегі-үзк жылдар бойы ізденуді, көп болып қолға алуды қажет етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ескерту: бұл жолы да, бұдан кейінгі келтірілген мысал үлгілері Мәшһүр-Жүсіптің 1990 жылғы Ғылым баспасынан шыққан таңдамалысының I томы бойынша беріледі де, әрі қарай тек беті ғана көрсетіліп отырылады.

2. Хасанов Б. Қазақ тілінде сөздердің метафоралы қолданылуы. –А.: Мектеп, 1966. –64 б.